

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК құрамындағы
Кәсіби білім беру колледжі

Педагогикалық кеңесінің

№1 хаттамасы

Тақырыбы : Колледжің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзекті мәселелері

2023 жылғы 29 тамыз
сағат: 16.00

Алматы қаласы

Педагогикалық кеңес отырысына қатысқандар:

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Қарабаева Ақбөпе Қасымбековна – колледж директоры, педагогикалық кеңес мүшелері;

Хатшы: Бектұрғанова Ә.Н.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық кеңестің жаңа құрамын бекіту. 2023-2024 оқу жылындағы оқу- тәрбие жұмыстарынның негізгі бағыттары мен міндеттерін анықтау және жылдық жоспарын талқылап, бекіту.

2. 2023 ж. 6 қаңтардағы №1 бұйрығы негізінде оқу жұмыс бағдарламасын бекіту, және оқу жұмыс жоспарын бекіту, т.б. ұйымдастыру жұмыстары.

3. 2023-2024 оқу жылына арналған студенттерді күндізгі бөлімге қабылдау комиссия жұмысының есебі

4. Әртүрлі мәселелер. Жаңа оқу жылына дайындық, Білім күніне арналған салтанатты жиналыс өткізу іс-шараларын ұйымдастыру, өткізу .

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Педагогикалық кеңестің басты сөзін колледж директоры Ақбөпе Қасымбековна алды. Педагогикалық кеңестің тақырыбы мен мақсаты , күн тәртібімен таныстырды. Ұжымға жаңадан келген Директордың ОЖ жөніндегі мен ТЖ жөніндегі орынбасармен, жаңа оқытушыларды танысырды. Педагогикалық кеңестің құрамын бір ауыздан сайлап, бекітті. Өткен оқу жылы бойынша жасалған жұмыстар «қанағаттандыратын» деп бағаланды. Жылдық міндеттеме бойынша өткен оқу жылындағы жұмысқа талдау жасалды; жұмыстың мықты және әлсіз тұстары айқындалды, алдағы оқу жылында жұмысты жақсарту жолдары белгіленді.

Жаңа оқу жылына арналған міндеттер және оның орындалуына ықпал етуші іс – шаралар, жоспары-ұйымдастырушылық әдістемелік жұмыс көрсетілді. Мұнда

көрсетілген мәселелер терең зерттеледі, педагогтардың жанашыл тәжірибелері зерделенеді және т.б. Жылына 5 педагогикалық кеңес өткізіледі. Міндетті түрде педагогикалық кеңес туралы ережеге сәйкес өтеді. Ұжымды жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстардың жоспарымен таныстырды.

2. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директор сөйледі. 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың есебін берді.

Педагогикалық ұжымды колледждің 2023-2024 оқу жылына бекітілген бұйрықтармен таныстырды, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстарды жоспарлау туралы айтты. Педагогикалық ұжымға барлық бағыттар бойынша жылдық жұмыс жоспарын ұсынды.

3. Тыңдалды :

Директор біртұтас білім беру бағдарламасы, сапалы білімнің негізі ретіндегі білім туралы айтты. Ұлт сапасын қалыптастыратын-өскелең ұрпақ. Сондықтан да ізеттілік, намыс, адалдық, отансүйгіштік, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасау сияқты қасиеттерді бойына сіңірген шығармашыл азаматты тәрбиелеудің маңызы зор. Жаңа оқу жылында оқу-тәрбие жұмысы мен сыныптағы тәрбиелік мақсаттарды қоюды тұтас білім беру бағдарламасының мазмұнын ескере отырып құруды ұсынды.

Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесі оқу әдістемелік нұсқауға сәйкес ұйымдастырылатынын атап өтті. 2023-2024 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша ұсынды. Оқу процесінің кестесі, сабақ кестесі, ішкі тәртіп ережелері туралы айтты.

5. Тыңдалды:

Методсит біліктілік арттыру курсы, кәсіби озық тәжірибені тарату жұмыстары, «Жас педагог» мектебінің жұмысы, аттестаттау комиссиясының жұмысы, бірлестік онкүндіктері, педагогтар арасындағы байқаулар, студенттердің ғылыми-шығармашылығы мен пәндік олимпиада бойынша талдау жасады.

Тыңдалды :

Тұрарбек Салтанат Мұратбекқызы-қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы. Ол колледждің маңызды имидждік көрсеткіші - қабылдау комиссиясының жұмысына тоқталды. Бөлім бойынша талапкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді.

01140100-«Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша күндізгі бөлімге ақылы және мемлекеттік грант бойынша студенттерді қабылдау 100% аяқталды.

Ақылы бөлімге - 25 студент, мемлекеттік грант бөліміне - 100 студент қабылданды.

ӘРТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Жатаханаға орналасатын студенттер тізімі
2. Білім күніне қарай тәрбие сағаттары мен іс шара ұйымдастыру
3. Әлеуметтік категорияға жататын студенттердің тізімі
4. Білім алушы топтардың келісім шарттарын тексеру

Тыңдалды:

Директор жатаханада тұратын студенттердің тізімі мен құжаттамасын жинауды міндеттерді. Студенттердің жатаханаға орналасуын қадағалау мәселесін талқыға салды. Бірінші орында үлгерімі жақсы және әлеуметтік жағдайы төмен студенттерді қамтамасыз етуді ескертті. Жатаханадан колледж студенттеріне 100 орын алынғандығы хабарланды.

Тыңдалды :

Келесі мәселе бойынша колледж мұғалімі Копбаева Қ. А. Білім күніне байланысты салтанатты жиналыс жасауды ұсынды. Және де әр топ кураторы тәрбие сағаты мен ата-аналар жиналысын өткізу міндеттелді . Іс-шараға бірінші топ студенттерінің қатысуы және жоғарғы топ студенттерінің ұйымдастыруы талқыланды.

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңестің әртүрлі мәселелеріне Колледж әдіскері 2023-2024 оқу жылында педагогикалық өтілі 3 жылдан кем және жаңадан келген жас мамандарға тәлімгерлер бекітуді ұсынды.

№	Тәлімгер	Жас маман
1	Сейтова А.М.	Бекұрғанова Ә. Н.
2	Копбаева Қ.А.	Сейтмұратова Ф. З.
3	Ахметова Ш.К.	Джандыбаева Н. Ж.
4	Акимбаева Ж.Ж	Калиева А.К.
5	Нурпейсова Г.Т.	Кабетова А.А.

Кеңес шешімі :

1. Педагогикалық кеңестің жаңа құрамы бекітілді. 2023-2024 жылдың оқу тәрбие жұмыстары анықталды.
2. 2023 ж. 6 қаңтардағы №1 бұйрығы негізінде оқу жұмыс бағдарламасын бекітілді.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған студенттерді күндізгі бөлімге қабылдау комиссия жұмысының есебі каралды.
4. Білім күніне байланысты тәрбие сағаты мен ата-аналар жиналысын өткізу міндеттелді.
5. Жатаханаға орналасу мәселесі талқыланып, хабарланды.

Төрайым: 
Хатшы: 

Карабаева А.К.
Бектұрғанова Ә.Н.